



## Ғылыми атақтар берудің ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2001 жылғы 4 маусымдағы N 421 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1529. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 10 қаңтардағы N 15 бұйрығымен.

### Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Ғылыми атақтар берудің ережесі бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Жоғары аттестациялық комитеттің төрағасы А.Қ. Құсайыновқа жүктелсін.

### М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м                      ж ә н е                      ғ ы л ы м                      М и н и с т р і  
м і н д е т і н                      а т қ а р у ш ы н ы ң  
2001 жылғы 4 маусымдағы

## **ҒЫЛЫМИ АТАҚТАР БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **1. Жалпы қағидалар**

1. Осы Ережелер терең кәсіби білімі бар, ғылыми және ғылыми-педагогтық қызметте жетістіктерге қол жеткізген адамдарға профессор және доцент ғылыми атақтарын беру тәртібін белгілейді. Ғылыми атақтарды ізденушілерге қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті (бұдан әрі - ЖАК) анықтайды және ол талаптар мемлекеттік үлгідегі құжаттарға қолданылады.

2. Профессор және доцент ғылыми атақтарын жоғары оқу орындарының, ғылыми, ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдардың қызметкерлеріне сол ұйымдардың ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестерінің ұсынысы бойынша  
Ж А К    б е р е д і .

3. Профессорлар мен доценттерге Қазақстан Республикасының ғылыми және ғылыми-педагог қызметкерлеріне ғылыми атақтар берілетін мамандықтар номенклатурасына сәйкес белгіленген мемлекеттік үлгідегі аттестаттар тапсырылады.

### **2. Ғылыми атақтар беру**

4. Профессор ғылыми атағы доцент немесе аға ғылыми қызметкер атағы бар, профессор немесе жоғары оқу орны кафедрасының меңгерушісі қызметін кем

дегенде бір жыл бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) жоғары оқу орнындағы ғылыми-педагогтық стажы он жылдан кем емес;
- 2) диссертация қорғағаннан кейін кем дегенде бес ғылыми еңбегі, оның ішінде кем дегенде үшеуі ЖАК ұсынған басылымдарда, жарияланған;
- 3) білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, көлемі он баспа табақтан кем емес, оның ішінде кем дегенде бес баспа табағы ізденушінің жеке үлесін құрайтын, жарияланған оқу құралдары немесе ЖАК ғылыми дәреже берген екі шәкірт дайындаған ғылым докторларына беріледі.

5. Профессор ғылыми атағы доцент немесе аға ғылыми қызметкер атағы бар, ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік ұйымдарда және жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімдерінде бас, жетекші ғылыми қызметкер, ғылыми-зерттеу бөлімінің (секторының, лабораториясының) меңгерушісі (бастығы), ғалым хатшы, директордың орынбасары, директор қызметін кем дегенде бір жыл бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) ғылыми-педагогтық стажы он жылдан кем емес;
- 2) докторлық диссертация қорғағаннан кейін кем дегенде он ғылыми еңбегі, оның ішінде кем дегенде үшеуі ЖАК ұсынған басылымдарда, жарияланған;
- 3) ЖАК ғылыми дәреже берген екі шәкірт дайындаған ғылым докторларына беріледі.

6. Профессор ғылыми атағы, айрықша жағдай ретінде, бір жылдан артық уақыт профессор қызметінде істейтін және диссертация қорғағаннан кейін, көлемі кем дегенде он баспа табақ оқу құралдарын жариялаған Қазақстан Республикасы (СССР) Мемлекеттік сыйлығының лауреаты-ғылым докторларына берілуі мүмкін.

7. Қазақстан Республикасының Қарулы күштер қатарындағы, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүйелеріндегі және Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігіндегі офицерлердің атқарып жүрген қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, айрықша жағдай ретінде, жоғарыда көрсетілген ведомстволарға бағынышты жоғары оқу орындарының профилі бойынша арнаулы кафедралардың (кафедралар ЖАК арнаулы тізбесімен анықталады) бастығы, сондай-ақ жоғары оқу орнының бастығы, оның ғылыми немесе оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) ғылыми-педагогтық жұмыс стажы жеті жылдан кем емес;
- 2) жеке өзі жазып оқулық жариялаған немесе ЖАК ғылыми дәреже берген шәкірт дайындаған;

3) білім беру процесінде пайдаланылып жүрген оперативті-тактикалық (арнайы-тактикалық) тапсырмалар әзірлеген ғылым кандидаты-доценттерге профессор ғылыми атағы берілуі мүмкін.

8. Профессор ғылыми атағы өнер және сәулет өнері саласының Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңымен белгіленген Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие, профессор немесе кафедра меңгерушісі (конкурс бойынша сайланған) қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген, жоғары оқу орындарында өз мамандығы бойынша оқытушылық етуші;

1) шығармашылық-педагогтық жұмыс стажы 10 жылдан кем емес;

2) шығармашылық еңбектері бар;

3) доцент ғылыми атағы берілгеннен кейін жеке өзі, көлемі үш баспа табақтан кем емес, немесе басқа авторлармен бірлесіп, оның ішінде ізденушінің жеке үлесі үш баспа табақтан кем емес, жазып жариялаған, білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, оқу құралы бар;

4) доцент ғылыми атағын профессор ғылыми атағына ұсынылудан 5 жыл б ұ р ы н а л ғ а н ;

5) халықаралық конкурстың үш лауреатын (дипломантын) дайындаған қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

9. Профессор ғылыми атағы ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі мен доцент ғылыми атағы бар, профессор, кафедра меңгерушісі қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

1) "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" құрметті а т а ғ ы б а р ;

2) жаттықтырушылық-педагогтық жұмыс стажы 10 жылдан кем емес;

3) доцент ғылыми атағы берілгеннен кейін жеке өзі, көлемі үш баспа табақтан кем емес, немесе басқа авторлармен бірлесіп, оның ішінде ізденушінің жеке үлесі үш баспа табақтан кем емес, жазып жариялаған, білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, оқу құралы бар;

4) доцент ғылыми атағын профессор ғылыми атағына ұсынылудан бес жыл б ұ р ы н а л ғ а н ;

5) Азияның, Еуропаның екі чемпионын, әлем және Олимпиада ойындарының жүлдегерлерін дайындаған жаттықтырушыларға берілуі мүмкін.

10. Доцент ғылыми атағы жоғары оқу орнының профессоры, доценті, кафедра меңгерушісі (конкурс бойынша сайланған) қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

1) ғылыми-педагогтық жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;

2) диссертация қорғағаннан кейін кем дегенде үш ғылыми еңбегі (тезисі емес) жарияланған (депоненттелмеген);

3) көлемі екі баспа табақтан кем емес, жеке өзі жазып, білім беру процесінде қолданылып жүрген оқу құралы жарияланған немесе ЖАК ғылыми дәреже берген бір шәкірт дайындаған ғылым докторлары мен кандидаттарына беріледі.

11. Доцент ғылыми атағы ғылыми, ғылыми-зерттеу, ғылыми-өндірістік ұйымдарда және жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімдерінде бас, жетекші ғылыми қызметкер, ғылыми-зерттеу бөлімінің (секторының, лабораториясының) меңгерушісі (бастығы), ғалым хатшы, директордың орынбасары, директор қызметін кем дегенде бір жыл бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) ғылыми-педагогтық жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;
- 2) диссертация қорғағаннан кейін кем дегенде бес ғылыми жұмысы жарияланған;
- 3) көлемі екі баспа табақтан кем емес, жеке өзі жазған оқу құралы жарияланған немесе ЖАК ғылыми дәреже берген бір шәкірт дайындаған ғылым докторлары мен кандидаттарына беріледі.

12. Сонымен қатар доцент ғылыми атағы өнер және сәулет өнері саласының Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңымен белгіленген Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына ие, аға оқытушы, доцент (конкурс бойынша сайланған) қызметін кем дегенде бір оқу жылы бойы нәтижелі атқарып жүрген:

- 1) шығармашылық-педагогтық жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;
- 2) шығармашылық еңбектері бар;
- 3) халықаралық және республикалық конкурстың екі лауреатын (дипломантын) дайындаған;
- 4) білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, көлемі екі баспа табақтан кем емес, жеке өзі жазған оқу құралы жарияланған қызметкерлеріне;
- 5) "Дене шынықтыру және спорт саласындағы еңбегі үшін" немесе "Еңбегі сіңген жаттықтырушы" құрметті атағы бар;
- 6) жаттықтырушылық-педагогтық жұмыс стажы 5 жылдан кем емес;
- 7) білім беру процесінде пайдаланылып жүрген, көлемі екі баспа табақтан кем емес, жеке өзі жазған оқу құралы жарияланған;
- 8) Әлемдік универсиадалардың, Азия, Еуропа, әлем чемпионаттарының, Азия және Олимпиада ойындарының кем дегенде екі жүлдегерін дайындаған жаттықтырушыларға берілуі мүмкін.

13. Ғылыми атақтар, осы Ережелердің 4, 5, 7-11 тармақтарының талаптары сақталған жағдайда, 4, 5, 9, 10-тармақтарында аталған қызметтерді қоса атқарып (жылдық жүктемесі 240 сағаттан кем емес) жүргендерге берілуі мүмкін.

14. Ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестің ғылыми атақтар беру туралы шешімі жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

Кеңестің мәжілісі, егер оның жұмысына кеңес құрамының ең кем дегенде үштен екісі қатысса, құқықты болып саналады. Кеңестің ғылыми атақ беру мәселесі туралы оң шешімі мәжіліске қатысып отырған кеңес мүшелерінің кемінде үштен екісі, бірақ тізімдегі кеңес құрамының кемінде жартысы, жақтап

дауыс бергенде қабылданды деп есептеледі.

Оң шешім қабылданған жағдайда ұйымның ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңесі бір ай мерзім ішінде ЖАК-қа ғылыми атақ ізденушінің аттестациялық ісі құжаттарының бірінші даналарын жібереді.

15. Ғылыми атақ беру жөніндегі аттестациялық іс құжаттарының рәсімделу тәртібін ЖАК белгілейді.

16. Ғылыми атақ беру туралы аттестациялық істің қаралу мерзімі аттестациялық істің ЖАК-та тіркелген күнінен бастап профессор үшін - 4 ай, доцент үшін - 3 ай.

Аттестациялық істерді ұзағырақ уақыт сараптаудан өткізуді талап ететін ерекше жағдайларда бұл мерзімді ұзарту мәселесін нақты әр іс бойынша ЖАК басшылығы шешеді.

### **3. Ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды қайта аттестаттау**

17. Қазақстан Республикасымен ғылыми атақтар бойынша мемлекеттік үлгідегі біліктілік құжаттарды өзара тану туралы келісім жасасқан мемлекеттердің мемлекеттік аттестаттау органдары берген ғылыми атақтары бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қайта аттестаттау жоғарыдағы келісімдерге сәйкес олар жұмыс істейтін ұйымның немесе өздерінің жеке өтінішімен белгіленген тізбе бойынша құжаттарын ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Басқа жағдайларда Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің азаматтарына ғылыми атақ беру мәселесі осы Ережелердің талаптарына сай шешіледі.

18. Қайта аттестаттауға әр түрлі мемлекеттік емес ұйымдардың (шағын кәсіпорындардың, қоғамдық академиялардың, академияаралық комиссиялардың, т.б.) берген профессорлар мен доценттердің аттестаттары қабылданбайды.

19. Қазақстан Республикасымен біліктілік құжаттарды өзара тану туралы келісім жасаспаған елдер берген ғылыми атақтары бар Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа елдердің азаматтарының аттестаттарының сәйкестігі туралы мәселені ЖАК жеке жағдайда халықаралық конвенцияларға сәйкес шешеді, ол туралы ізденушіге тиісті анықтама беріледі.

### **4. Ғылыми атақтардан айыру (қалпына келтіру)**

20. Ғылыми атақтар жаңсақтықпен берілген адамдарды ғылыми атақтар беру туралы шешім қабылдаған ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестің өтініші негізінде ЖАК бұл атақтардан айыруы мүмкін.

21. Ғылыми атақтардан айрылған адамдардың осы атақтарын ЖАК, бұрын осы ғылыми атақтардан айыру туралы өтініш жасаған ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестердің өтініштерінің негізінде, егер бұл үшін

жеткілікті негіздер болған жағдайда, қалпына келтіруі мүмкін.

22. Ғылыми (ғылыми-техникалық) кеңестің отырысы, егер оның жұмысына тізімдегі құрамның кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда, құқықты болып саналады. Ғылыми атақтан айыру (қалпына келтіру) туралы кеңестің шешімі, егер дауыс берудің нәтижесінде кеңеске қатысушылардың кем дегенде үштен екісі, бірақ құрам тізіміндегі мүшелердің жартысынан кемі емес, оны жақтап дауыс берсе, қабылданған болып саналады.

Ерекше жағдайды ескеру қажет болған, оның ішінде аталған кеңестер өз қызметтерін тоқтатқан кездерде ғылыми атақтан айыру (қалпына келтіру) жөніндегі өтініш туралы мәселе ЖАК-тың тапсыруы бойынша, басқа кеңестерде қаралады.

## **5. Апелляцияларды қарау**

23. Ғылыми атақтарды беру (айыру) мәселесі туралы төралқа шешімдеріне, шешім шығарылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, ЖАК-қа шағымданауға болады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін ЖАК апелляцияларды қабылдамайды.

Төралқаның шешімдеріне берілген апелляцияларды ЖАК-тың апелляциялық комиссиясы қарайды. Апелляциялық комиссиясының қорытындыларын төралқа қарап бекітеді. Оның шешіміне қайта берілген апелляция қабылданбайды.

24. Ғылыми атақ беруге ұсынылған ізденушілердің теріс шешім қабылданған аттестациялық істері жөнінде жаңа өтініш беру ЖАК тиісті шешім қабылдаған күннен бір жыл өткеннен кейін ғана мүмкін болады. Қайталап өтініш беру үшін жаңа материалдардың болуы міндетті шарт болып табылады.

25. Осы Ережелермен реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарында қарастырылған тәртіппен шешіледі.